

7 маусымда Экономика және құқық факультеті Экономика кафедрасында «Әлеуметтік қолда және кәсіпкерлік механизмдер теориясы, еңбек нарығын зерттеу» ғылыми мектебінің жұмыстары аясында «Қазақстан Республикасында белгісіздік жағдайындағы жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы ғылыми жобаның есебі тыңдалды. Жоба жетекшісі: экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Сабирова Рысты Куандиковна. Көрсетілген тақырыптағы жоба бойынша бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес атқарылған зерттеу жұмыстарының нәтижесі талданды. Шараға қатысушылар профессор – оқытушылар құрамы және жобаға қатынасушылар, «Сарапшы» үйірмесінің белсенділері. Жалпы білім беру құрылымдарында ғылыми мектептердің дамуы және белсенді қызметінің нәтижесінде іргелі зерттеулердің белсенділігі жоғарылайды. Осы арқылы Экономика және құқық факультеті Экономика кафедрасында қазіргі сұранысқа сай қамтамасыз етілетін тәжірибелік зерттеу және білім беру жобалары мен бағдарламалары аясы кеңейе түспек.

